

## **Жобалау қызметі саласында басқару құрылымын жетілдіру мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 3 желтоқсандағы N 1475

Жобалау және іздестіру ұйымдарының басқару құрылымын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес мемлекеттік меншік нысанына жататын азаматтық-тұрғын үй бейініндегі және инженерлік-іздестіру институттары коммуналдық меншікке берілсін.

Облыс әкімдеріне берілген институттарды қайта ұйымдастырған кезде оларға бұрын орындаған жұмыстарынан басқа, жолдарды, агроөнеркәсіптік және су шаруашылық бейініндегі объектілерді, жөндеу-құрылыс жұмыстарын жобалау мәселелері жүктелсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 15 қарашадағы N 1136 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 43, 526-құжат);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 15 қарашадағы N 1136 қаулысына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 20 шілдедегі N 819 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 30, 343-құжат);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 15 қарашадағы N 1136 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 қарашадағы N 1301 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 45, 492-құжат).

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 3 желтоқсандағы  
N 1475 қаулысына  
қосымша

Коммуналдық меншікке берілетін мемлекеттік меншік  
нысанына жататын азаматтық-тұрғын үй  
бейініндегі және инженерлік іздестіру  
институттарының  
ТІЗБЕСІ

"Ақмола азамат жобалау" Мемлекеттік азаматтық-тұрғын үй  
мақсатындағы объектілерді жобалау жөніндегі жобалау институты,  
Ақмола қаласы

"Торғай жобалау" Мемлекеттік жобалау институты, Арқалық қаласы

"Атырау жобалау" Мемлекеттік жобалау институты, Атырау қаласы

"Жезқазған азамат жобалау" Мемлекеттік азаматтық-тұрғын үй мақсатындағы  
объектілерді жобалау жөніндегі жобалау институты, Жезқазған қаласы

"Восток МИИ" Мемлекеттік инженерлік іздестіру институты, Өскемен қаласы

"Қарағанды азамат жобалау" Мемлекеттік азаматтық-тұрғын үй мақсатындағы  
объектілерді жобалау жөніндегі жобалау институты, Қарағанды қаласы

"Қостанай азамат жобалау" Мемлекеттік азаматтық-тұрғын үй мақсатындағы  
объектілерді жобалау жөніндегі жобалау институты, Қостанай қаласы

"Ақтөбе МИИ" Мемлекеттік инженерлік іздестіру институты, Ақтөбе қаласы

"Сева азамат жобалау" Мемлекеттік азаматтық-тұрғын үй мақсатындағы объектілерді  
жобалау жөніндегі жобалау институты, Петропавл қаласы